



**Автор:** Исмаилова Гульсара Жанатовна  
**Предмет:** Қазақ тілі  
**Класс:** 3-сынып  
**Раздел:** Сәулет өнері  
**Тема:** Жас сәулетшілер үйірмесінде

Оқу мақсаттары	Оқу түрлерін қолдану 3.3.1.1* мәтінді шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу; Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) 3.2.3.1* тақырыпқа қатысты әңгімеге қатысу
----------------	--

### Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Сабақтың басы (7 минут)	Психологиялық ахуал Жаксы оқып сабақты Әдеп сақтау салтымыз Сәлем бердік сіздерге Басымызды иіп бәрріміз Қызығушылықты ояту – 3 минут «Өз жұбыңды тап» ойыны Мұғалім оқушыларға төмендегі сөздер жеке-жеке таратады: сәу-летші ке-сене мұ-нара тө-бе Оқушылар сөздер сәйкестендіріп, өз жұбын табады. Әр жұп өз сөз тіркесімен 1 сөйлем айтады. оқушылар осылайша өзара жұптарға бірігеді. «Мағынаны таны» стратегиясы – 1 минут Суретке қараңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.	сөздер жазылған қима қағаздар оқулық (103-беттегі сурет
Сабақтың ортасы (28 минут)	Жаңа сөздермен жұмыс (оқулық, 103-бет) Жаңа сөздер: қабырға-стена, сарай-дворец, қызғылт-розовой Мұғалім жаңа сөздерді дауыстап оқиды, оқушылар мұғалім соңынан қайталайды. ЖЖ 1-тапсырма. Суреттер мен сөздерді сәйкестендіріп, олармен кесте бойынша сөйлемдер құрастыру 1. Қағаз 2. Пазл 3. Ағаш 4. Лего 5. Картон Мен Біз пазл... -дан -нан -тан ғимарат жасады... -м -қ лего... үй картон.. сарай ағаш... кесене қағаз... күмбез Дескриптор: -сөздерді суреттермен сәйкестендіреді -сөйлем құрастырады ҚБ: жұптар бір-бірін сипаттау мәтіндегі сөз тіркесін анықтағанын бағалайды Сергіту сәті ЖЖ 2-тапсырма (оқулықтың 104-бетіндегі 3-тапсырма). Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру («Балық аулау» ойыны) Мұғалім оқушыларға мәтінді түсініп оқуды тапсырады (3 минут). Осыдан кейін «Балық аулау» ойынын ұйымдастырады. 1) Мұғалім мәтін соңында берілген әр сұрақты балық пішінді 2 қағазға 2 рет қайталап жазады да, оларды жерге тастайды (сұрақтар көрінбейтіндей етіп). 2) Ортаға 1 оқушыны «балық аулауға» шақырады. Оқушының қолына құрық береді. Оқушы қай балықты ұстаса, сол сұраққа жауап береді. Жауаптарды басқа оқушылардың толықтыруына болады. Бағалау «Аквариум» тәсілі арқылы орындалады. «Балықшылар» аулаған балықтарын сәйкес аквариумға салады (тақтадағы 3 аквариум суретінің біріне жапсырады). Сұраққа толық жауап бердім. Сұраққа жартылай жауап бердім. Маған көмек керек. 3 тапсырма дәптермен жұмыс 59 бет , 3 тапсырма Мен неден? Жоба жасаймын ЖЖ 4-тапсырма (оқулықтың 105-бетіндегі 5-тапсырма үлгісімен). Жағдаятқа сәйкес өзара диалог құру 1) Мұғалім әр жұпқа келесі материалдардың суреттерін таратып береді: 1-жұпқа 2-жұпқа 3-жұпқа 4-жұпқа 2) Жағдаятпен таныстырады: Сендер «Жас сәулетшілер» үйірмесіне қатысасыңдар. Сендерде осы материалдар бар. Не жасайсыңдар? Неден жасайсыңдар? Оның қабырғасы, төбесі, сырты қандай болады? Жоба туралы өзара сұхбаттарыңды дайындауға 5 минут, қорғауға 1 минут беріледі. Үлгі бойынша 4 сұрақ пен 4 жауап бар диалог құрастырып айтыңдар. 3) Бағалау дескриптор арқылы жүзеге асады. Дескриптор : 1. Жағдаятқа қатысты 4 сұрақ койды 2. Сұрақтарға өз ойымен дұрыс жауап берді	Интербелсенді тақта Балықтар, құрық, магнит + «Аквариум» бағалау парағы (плакат) дәптер пазл, ағаш, картон, лего, қағаз суреттері + дескриптор
Сабақтың соңы (5 минут)	Рефлексия «Ағаш» әдісі Үйге тапсырма: дәптердегі 58 бет, 1,2 тапсырмалар	ағаштар немсе стикерлер